

Облыстық бюджеттердің мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға 2012 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 16 мамырдағы № 625 Қаулысы

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

2012 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» 2005 жылғы 8 шілдедегі және «2012–2014 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» 2011 жылғы 24 қарашадағы заңдарына сәйкес отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерде мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Облыстық бюджеттердің мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға 2012 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары **б е к і т і л с і н .**

2. Осы қаулы 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Премьер-Министрі *К. Мәсімов*
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 1 2 ж ы л ғ ы 1 6 м а м ы р д а ғ ы
№ 6 2 5 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

Облыстық бюджеттердің мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға 2012 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Облыстық бюджеттердің мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға 2012 жылғы республикалық бюджеттен берілетін

ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) 088 «Облыстық бюджеттерге, Астана және Алматы қалаларының бюджеттеріне мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттер» бюджеттік бағдарламасы бойынша 2012 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат есебінен және шегінде мал шаруашылығы өнімін өндіруді ұлғайту, сапасын және бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін отандық ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді (бұдан әрі – тауар өндірушілер) қолдау мақсатында ағымдағы нысаналы трансферттерді (бұдан әрі – бюджеттік субсидиялар) пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Бюджеттік субсидиялар тауар өндірушілерге:

1) сиыр етін, шошқа етін, бройлерлік құс еті мен күрке тауық етін (бұдан әрі - құс еті), жұмыртқалағыш кроссты тауық жұмыртқасын (бұдан әрі - тағамдық жұмыртқа) өндіру үшін пайдаланылатын құрама жемнің және (немесе) маңыздандырылған азықтың (бұдан әрі - маңыздандырылған азық) құнын ішінара (45%-ға дейін) арзандатуға, сондай-ақ сүт, биязы қой жүні (бұдан әрі - биязы жүн), қой еті, жылқы еті, қымыз және шұбат өндірісіне жұмсалатын шығындарды ішінара өтеуге арналады. Бұл ретте субсидиялар тауар өндірушілерге сиыр етінің, шошқа етінің, сүттің, қой етінің, жылқы етінің, биязы жүннің есептік нөмірлері бар қайта өңдеу кәсіпорындарына (цехтарына) (бұдан әрі - қайта өңдеу кәсіпорындары), сою алаңдарына (пункттеріне) немесе қайта өңдеу кәсіпорындарының қызметін пайдалану шартымен еркін нарықта, ал құс етінің, тағамдық жұмыртқаның, қымыздың және шұбаттың – облыстардың жергілікті атқарушы органдары бекіткен квоталар шегінде еркін нарықта сатылған іс жүзіндегі көлеміне төленеді;

2) ірі қара малдың аналық басын (бұдан әрі - сиырларды) азықтандыру үшін пайдаланылатын шырынды және кесек азықтың (бұдан әрі - азықтың) құнын ішінара (50%-ға дейін) арзандатуға арналады.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Тауар өндірушілерге қойылатын өлшемдер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес белгіленеді. Субсидиялау бағдарламасына қатысушылар арасында квоталарды айқындау тұқым мен өнімділік бағытына байланысты өнім шығуының зоотехникалық нормаларын есепке ала отырып, бюджеттік бағдарламаны іске асыруға облысқа жеткізілген қаражат шеңберінде жүзеге асырылады. Асыл тұқымды емес мал үшін негіз ретінде өнімділіктің орташа аудандық статистикалық көрсеткіші алынады.

4. Субсидияланатын мал шаруашылығы өнімінің 1 (бір) килограммына, 1 (бір) данасына, сондай-ақ 1 (бір) бас сиырға арналған бюджеттік субсидиялардың нормативі осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес белгіленеді.

5. Субсидиялауға мыналар жатпайды:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшамен белгіленген өлшемдерге сәйкес келмейтін тауар

өндірушілер өндірген сиыр еті, шошқа еті, биязы жүн, қой еті, жылқы еті, қымыз, шұбат, құс еті, тағамдық жұмыртқа және сүт (бұдан әрі – өнім);

2) тауар өндірушілер одан әрі қайта сату және (немесе) қайта өңдеу үшін басқа да жеке және (немесе) заңды тұлғалардан сатып алған өнім;

3) өзара есеп айырысу есебіне, сондай-ақ аффилирленген қайта өңдеу құрылымдарына қайта өңдеуге беруді немесе сатуды қоспағанда, аффилирленген құрылымдарға тауар өндірушілер айырбас бойынша сатқан өнім;

4) жеке аулада сойылған сиыр еті, шошқа еті, қой еті, жылқы еті, сондай-ақ қайта өңдеу кәсіпорындарында бастапқы қайта өңдеуден өтпеген сүт;

5) жануарларды мәжбүрлі санитариялық сою нәтижесінде, сондай-ақ аса жұқпалы аурулар бойынша карантиндік және шектеу іс-шараларының әрекет ету кезеңінде тауар өндірушілер алған өнім;

6) етті құс шаруашылығы өнімдері – аяқтары, бастары, сондай-ақ бөтеге мен бауырдан басқа ішкі органдары;

7) жұмыртқа ұнтағын өндіру үшін сатылған және (немесе) берілген тағамдық жұмыртқа;

8) тауар өндірушілер бордақылауда тұрған сиырларды азықтандыру үшін пайдаланатын азық.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

6. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) ұсынымдары негізінде облыс әкімінің шешімімен мынадай құжаттар бекітіледі:

1) субсидиялар алуға өтінімдер нысаны;

2) аудан бойынша мал шаруашылығы өнімін сату, сондай-ақ сиыр саны туралы жиынтық актінің нысаны;

3) субсидиялау бағдарламасына қатысушылар арасында квоталар мен бюджеттік субсидиялар мөлшерін бөлудің жиынтық тізімінің нысаны;

4) мал шаруашылығы өнімінің сатылған көлемі, сондай-ақ сиыр саны мен субсидиялар төлеу туралы облыс бойынша жиынтық ведомость нысаны;

5) облыс бойынша қаражатты игеру жөніндегі есеп (ақпарат) нысаны;

6) мал шаруашылығы өнімін сату көлемі жөніндегі есеп (ақпарат) нысаны.

7. Ағымдағы қаржы жылына арналған республикалық бюджетті іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына сәйкес субсидиялау бағыттары бойынша мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға республикалық бюджетте көзделген қаражатты бөлу Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің бұйрығымен айқындалады.

8. Министрлік мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді облыс әкімі мен

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрі арасында қол қойылған Ағымдағы нысаналы трансферттер бойынша нәтижелер туралы келісім шеңберінде төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес облыстық бюджеттерге аударады.

2. Тауар өндірушілердің субсидия алуға өтініштерін қарау тәртібі

9. Тиісті ауданның ауыл шаруашылығы бөлімі (бұдан әрі – бөлім) осы Қағидалар ресми жарияланғанынан кейін жеті жұмыс күн ішінде субсидиялау бағдарламасына қатысуға арналған өтінімдер қабылдаудың басталғаны туралы хабарландыруды аудан әкімдігінің интернет-ресурсына орналастырады.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

10. Тауар өндірушілер 2012 жылғы 1 қарашадан кешіктірмей, бөлімге белгіленген нысан бойынша бюджеттік субсидиялар алуға арналған өтінімдер ұсынады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

11. Бөлім өтінімдерді алған сәттен бастап жеті жұмыс күні ішінде тауар өндірушілердің осы Қағидаларда белгіленген өлшемдерге сәйкестігін тексереді.

Тауар өндірушілердің осы Қағидаларда белгіленген өлшемдерге сәйкес келмеуі, бюджеттік субсидиялардың бөлінбеген қалдығының болмауы және (немесе) өтінімдерді белгіленген мерзімнен кеш ұсыну осы факторлар анықталған сәттен бастап субсидиялау бағдарламасына қатысуға рұқсат бермеу үшін негіздеме болып табылады. Мұндай жағдайларда бөлім осы фактілер анықталған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде өтінімдерді қабылдаудың себептерін жазбаша түрінде көрсете отырып, өтінімдерді тауар өндірушілерге қайтарады.

Бөлім аудан бойынша субсидиялау бағыттары бойынша субсидиялар алушылардың жиынтық тізімін жасайды және оны тиісті аудан әкімі бекітеді.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

12. Бөлім бекітілген жиынтық тізімді тауар өндірушілердің өтінімдерімен бірге облыс әкімінің ауыл шаруашылығы мәселелеріне жетекшілік ететін орынбасары төрағалық ететін облыс әкімінің шешімімен құрылатын облыстық комиссияның (бұдан әрі – комиссия) қарауына жібереді. Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы (бұдан әрі – басқарма) комиссияның жұмыс органы болып табылады.

Комиссияның құрамына басқарманың, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Агроөнеркәсіп кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитеті аумақтық инспекциясының мамандары, сондай-ақ қоғамдық ұйымдардың

1) бес жұмыс күні ішінде бөлімдер ұсынған өтінімдерді осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан қарайды;

2) тауар өндірушілердің өтінімдерін қарау қорытындысы бойынша: тауар өндірушілердің жиынтық тізімін, субсидияланатын мал шаруашылығы өнімдерін сатудың жоспарланған көлеміне квоталарды және бюджеттік субсидиялар мөлшерін субсидиялау бағдарламасына қатысушылардың арасында бөлуді;

тауар өндірушілердің жиынтық тізімін, азық бағасын арзандатуға бюджеттік субсидия алуға арналған квоталарды субсидиялау бағдарламасына қатысушылар арасында бөлуді жасайды.

14. Тауар өндірушілер өтінім білдірген бюджеттік субсидиялардың талап етілетін көлемі бюджеттік субсидиялар көлемінен асып түскен жағдайда, комиссия неғұрлым жоғары деңгейге жатқызылған тауар өндірушілердің өтінімдерін басым тәртіппен қанағаттандырады, қаражаттың қалдығы берілген өтінімдерге сәйкес тең бөлінеді.

Бюджеттік субсидиялар көлемі тауар өндірушілер өтінім білдірген бюджеттік субсидиялардың талап етілетін көлемінен асып түскен жағдайда, басқарма бос қаражаттың бар екендігі туралы ақпаратты бөлімдерге жеткізеді. Көрсетілген ақпарат бөлімдер үшін осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен субсидиялау бағдарламасына қатысуға арналған өтінімдерді қайта қабылдауды хабарлау үшін негіз болып табылады.

15. Комиссияның ұсынуы бойынша облыс әкімі: субсидияланатын мал шаруашылығы өнімінің көлемін өндіруге квоталар мен тауар өндірушілер арасында субсидиялар мөлшерін бөлудің жиынтық тізімін;

тауар өндірушілердің жиынтық тізімін, арзандатылған азыққа бюджеттік субсидиялар алуға квоталарды бағдарламаға қатысушылар арасында бөлуді комиссияның ұсынуы бойынша облыс әкімі бекітеді.

Бекітілгеннен кейін басқарма тізімдерді Министрлікке және тиісті бөлімдерге бір-бір данадан жібереді.

3. Тауар өндірушілердің субсидия алу тәртібі

16. Сиыр еті, шошқа еті, қой еті, жылқы еті, сүт, биязы жүн бойынша бюджеттік субсидиялар алу үшін тізімге енгізілген тауар өндірушілер өнімнің сатылуына қарай, ай сайын (желтоқсанда – 2012 жылғы 20 желтоқсаннан кешіктірмей) бөлімге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) өнімді қайта өңдеу кәсіпорындарына сатқан жағдайда: өнімнің сатылғанын растайтын құжаттардың көшірмелері (шарт, шот-фактура), сондай-ақ сатып алушылардан төлем құжаттарының көшірмелері (бұдан әрі – төлем құжаттары);

сиыр етін сатқан кезде Қазақстан Республикасының бірыңғай бірдейлендіру дерекқорынан сатылған (сойылған) малдардың тіркеуден шығарылғаны туралы үзінді көшірме ;

2) өнімді дербес сатқан жағдайда: өнімнің сатылғанын растайтын құжаттардың көшірмелері (шарт, шот-фактура); өнімді бастапқы қайта өңдеу бойынша көрсетілген қызметтер үшін (өнімді өзінің қайта өңдеу кәсіпорындарына немесе цехтарына тапсыру жағдайларын қоспағанда) төлем құжатының көшірмесі ;

сиыр етін сатқан кезде Қазақстан Республикасының бірыңғай бірдейлендіру дерекқорынан сатылған (сойылған) малдардың тіркеуден шығарылғаны туралы үзінді көшірме ;

3) өнімді өзінің қайта өңдеу кәсіпорындарына немесе цехына берген жағдайда: өнімге арналған жүкқұжаттың көшірмесі; өнімді сатуға арналған тауар-көліктік жүкқұжаттардың тізімі; сиыр етін сатқан кезде, Қазақстан Республикасының бірыңғай бірдейлендіру деректер қорынан сатылған (сойылған) малдардың тіркеуден шығарылғаны туралы үзінді көшірме .

Ескерту. 16-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

16-1. Бюджеттік субсидиялар алу үшін тізімге енгізілген қымыз, шұбат, құс еті және тағамдық жұмыртқаны өндірумен айналысатын тауар өндірушілер бөлімге қымыз және шұбат бойынша өнімнің сатылғанын растайтын құжаттардың көшірмелерін, ал құс еті және тағамдық жұмыртқа бойынша төлем құжаттарының тізілімін ұсынады.

Ескерту. 3-бөлім 16-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

17. Азық құнын арзандатуға бюджеттік субсидия алу үшін тізімге енгізілген тауар өндірушілер бөлімге мынадай құжаттарды ұсынады:

1) мал шаруашылығымен айналысатын шаруашылық жүргізуші субъектінің селекциялық және асылдандыру жұмысына қатысқанын растайтын селекциялық және асылдандыру жұмысының бірыңғай ақпараттық базасынан деректердің үзінді көшірмесі ;

2) заңды тұлғалар нысанындағы ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін есептің көшірмесі немесе 24-аш статистикалық есептілік нысанынан, ал шаруа (фермер) қожалықтары үшін сиыр бас санының болуын растайтын шаруашылық кітабынан үзінді көшірме .

18. Бөлім ай сайын, құжаттардың түсуіне қарай (желтоқсанда – 2012 жылғы 20 желтоқсаннан кешіктірмей) тауар өндірушілердің ұсынған құжаттарын тексереді. Олар осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда, аудан бойынша бюджеттік субсидияларды алушылардың жиынтық актісін жасайды, аудан әкімі

бекіткеннен кейін басқармаға жіберіледі. Басқарма бөлімдер ұсынған субсидиялар алушылардың жиынтық актілері негізінде осы Қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша облыс бойынша біріктірілген жиынтық ведомость пен төлеуге берілетін шоттар қалыптастырады.

19. Ұсынылған құжаттар осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда бөлім өтінімдер тіркелген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде оларды кері қайтару себептерін көрсете отырып, өтініш берушілерге қайтарады.

20. Тауар өндірушілердің банктік шоттарына тиесілі бюджеттік субсидияларды аударуды басқарма төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес аумақтық қазынашылық бөлімшесіне төлеуге берілетін шоттардың екі данасымен қоса төлеуге берілетін шоттардың тізілімін ұсыну жолымен жүзеге асырады.

21. Қандай да бір облыс бөлінген қаражатты толығымен игермеген жағдайда Министрлік Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен 2012 жылға арналған бюджеттік бағдарламаны іске асыруға республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде облыстар бойынша бюджеттік субсидияларды төлеуге арналған қаражатты қайта бөлу туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныс е н г і з е д і .

22. Басқарма Министрлікке ай сайын, есепті айдан кейінгі айдың 5-күніне дейінгі мерзімде, бірақ 2012 жылғы 30 желтоқсаннан кешіктірмей бекітілген нысандар бойынша бюджеттік бағдарламаның іске асырылу барысы туралы есепті ұсынады.

Облыстық бюджеттердің мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға 2012 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді п а й д а л а н у қ а ғ и д а л а р ы н а
1-қосымша

Мал шаруашылығы өнімін өндірумен айналысатын тауар өндірушілерге қойылатын өлшемдер

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.09.19 № 1222 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Р / с №	Өлшемдер
1. Сияр етін өндірумен айналысатын тауар өндірушілерге (1-денгей)	

1.	<p>Бір мезгілде кемінде 3 000 бас ірі қара малды бордақылайтын қуаты бар және инфрақұрылымы дамыған мамандандырылған алаңның болуы: малды күтіп-бағуға арналған қоралар; бетон жиекті азық беруге арналған науа; сумен жабдықтау көздерінің болуы және автоматтандырылған суару көзімен қамтамасыз етілуі; фекалдық масса мен қар суын шығарып тастауға арналған мүйісі бар дренаждық жүйе; азық дайындау және азық тарату техникасының/жабдығының, сондай-ақ азық сақтау қоймасының болуы; бекіткіші бар жіктегіштің, таразы құрылғысының болуы; ветеринариялық пункттің болуы.</p>
2.	Ірі қара (союға өткізілетін) малдың тірідей салмағы 450 килограмнан кем емес*
3.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру
4.	Малдардың бірдейлендіру нөмірлерінің және Қазақстан Республикасының бірыңғай бірдейлендіру деректер базасында тіркеуінің болуы
2. Сиыр етін өндірумен айналысатын тауар өндірушілерге (2-деңгей)	
1.	<p>Бір мезгілде кемінде 1 500 бас ірі қара малды бордақылайтын қуаты бар және инфрақұрылымы дамыған мамандандырылған алаңның болуы: малды күтіп-бағуға арналған қоралар; бетон жиекті азық беруге арналған науа; сумен жабдықтау көздерінің болуы және автоматтандырылған суару көзімен қамтамасыз етілуі; азық дайындау және азық тарату техникасының/жабдығының, сондай-ақ азық қоймасының болуы; бекіткіші бар жіктегіштің және таразы құрылғысының болуы; ветеринариялық пункттің болуы.</p>
2.	Ірі қара (союға өткізілетін) малдың тірідей салмағы 420 килограмнан кем емес*
3.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру
4.	Малдың бірдейлендіру нөмірінің және Қазақстан Республикасының бірыңғай бірдейлендіру деректер базасында тіркеуінің болуы
3. Сиыр етін өндірумен айналысатын тауар өндірушілерге (3-деңгей)	
1.	Бордақылауда жыл бойы 400 бастан кем емес мал басының болуы
2.	<p>Ірі қара малды бордақылауға арналған мамандандырылған үй-жайдың немесе алаңдардың болуы: малды күтіп-бағуға арналған қоралар; суару көзімен қамтамасыз етілуі; азық дайындау техникасының болуы; жіктегіштің және таразы құрылғысының болуы.</p>

3.	Ірі қара (союға өткізілетін) малдың тірідей салмағы 400 килограмнан кем емес*
4.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру
5.	Малдың бірдейлендіру нөмірінің және Қазақстан Республикасының бірыңғай бірдейлендіру дерекқорында тіркеуінің болуы
4. Сүт өндірісімен айналысатын тауар өндірушілерге (1-деңгей)	
1.	01.01.12 ж. 400-ден кем емес сиыр мен қашарлардың меншікті аналық басының (2 жастан ересек) болуы
	Сауын сиырлар мен құнажындардың орташа жылдық бас саны (2011 жылдың қорытындысы) 350-ден кем емес
	табын бойынша орташа сауым (2011 жылдың қорытындысы) 4500 кг кем емес *****
	тиісті инфрақұрылымы бар қазіргі заманғы сүт кешенінің (механикаландырылған сауу, көң шығару және азық тарату, автосуару және азық цехы) болуы
2.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру
3.	Селекциялық және асылдандыру жұмыстарының бірыңғай ақпараттық базасында тіркеуде болуы**
4.	Малдың бірдейлендіру нөмірінің және Қазақстан Республикасының бірыңғай бірдейлендіру деректер базасында тіркеуінің болуы
5. Сүт өндірісімен айналысатын тауар өндірушілерге (2-деңгей)	
1.	01.01.12 ж. 400-ден кем емес сиыр мен қашарлардың меншікті аналық басының (2 жастан ересек) болуы
	Сауын сиырлар мен құнажындардың орташа жылдық саны (2011 жылдың қорытындысы) 300-ден кем
	табын бойынша орташа сауым (2011 жылдың қорытындысы) 3250 кг кем емес
2.	Машиналы сауынның болуы
3.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру
4.	Селекциялық және асылдандыру жұмыстарының бірыңғай ақпараттық базасында тіркеуде болуы**
5.	Малдың бірдейлендіру нөмірінің және Қазақстан Республикасының бірыңғай бірдейлендіру деректер базасында тіркеуінің болуы
6. Сүт өндірісімен айналысатын тауар өндірушілерге (3-деңгей)	

1.	01.01.12 ж. 100-ден кем емес сиыр мен қашарлардың аналық басының (2 жастан ересек) болуы
	Сауын сиырлардың орташа жылдық саны (2011 жылдың қорытындысы) 60-тан кем емес
	табын бойынша орташа сауым (2011 жылдың қорытындысы) 2500 кг кем емес
2.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру
3.	Селекциялық және асылдандыру жұмыстарының бірыңғай ақпараттық базасында тіркеуде болуы**
4.	Малдың бірдейлендіру нөмірінің және Қазақстан Республикасының бірыңғай бірдейлендіру деректер базасында тіркеуінің болуы
7. Шошқа етін өндірумен айналысатын тауар өндірушілерге (1-деңгей)	
1.	Бір мезгілде бордақылауда болатын бас саны 3000-нан кем емес
2.	М ы н а л а р д ы ң : шошқа басының (мал басын толықтыратын төл және аналық мегежін); өндіріс алаңдарын автоматтандырудың (азық тарату, суару және м и к р о к л и м а т ж е л і с і); м а л с о я т ы н ц е х ы н ы ң ; қ ұ р а м а ж е м ц е х ы н ы ң ; таرازы құрылғысының болуы.
3.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру
4.	Шошқаның тірідей салмағы (союға өткізгенде) 100 кг кем емес*
8. Шошқа етін өндірумен айналысатын тауар өндірушілерге (2-деңгей)	
1.	Бір мезгілде бордақылауда болатын бас саны 1000-нан кем емес
2.	М ы н а л а р д ы ң : м а л с о я т ы н ц е х ы н ы ң ; таرازы құрылғысының болуы.
3.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру
4.	Шошқаның тірідей салмағы (союға өткізгенде) 100 кг кем емес*
9. Қой етін өндірумен айналысатын тауар өндірушілерге	
1.	01.01.12 ж. саулықтардың (2 жастан ересек) басының болуы 600-ден кем емес
2.	Қойды күтіп-бағуға арналған үй-жайлардың болуы

3.	Қойдың (союға өткізгенде) тірідей салмағы 42 кг кем емес*
4.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру
10. Жылқы етін өндірумен айналысатын тауар өндірушілерге	
1.	01.01.12 ж. биенің (3 жастан ересек) болуы 75 бастан кем емес
2.	Жылқының (союға өткізгенде) тірідей салмағы 350 кг кем емес
3.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру
11. Қымызды өндірумен айналысатын тауар өндірушілерге	
1.	01.01.12 ж. биенің (3-жастан ересек) болуы 35 бастан кем емес
2.	Сауын биенің орташа жылдық саны 20 бастан кем емес
3.	Қымыз өндіретін цехтың (үй-жай, қымыз жинайтын және (немесе) өндіретін ыдыс) болуы
4.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру
12. Шұбат өндірумен айналысатын тауар өндірушілерге	
1.	01.01.12 ж. түйенің аналық басының (3-жастан ересек) болуы 30 бастан кем емес
2.	Сауын інгендердің орташа жылдық саны 15 бастан кем емес
3.	Шұбат өндіретін цехтың (үй-жай, шұбат жинайтын және (немесе) өндіретін ыдыс) болуы
4.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру
13. Биязы жүнді өндірумен айналысатын тауар өндірушілерге	
1.	01.01.12 ж. саулық қой басының (2 жастан ересек) болуы 600 бастан кем емес
2.	Қойларды күтіп-бағуға, сондай-ақ қыркуға арналған үй-жайлардың болуы
3.	Қыркылған жүннің физикалық салмағы (2011 жылдың қорытындысы) 3,2 кг кем емес
4.	Жүннің сапасы 60-64 сападан кем емес***
5.	Биязы жүнді бастапқы қайта өңдейтін кәсіпорындарына биязы жүнді өткізу
6.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру
14. Құс етін өндіретін тауар өндірушілерге (1-деңгей)	

1.	2007 жылдан бастап пайдалануға берілген жаңа құс фабрикасы немесе негізгі жабдығы бойынша жаңартудан өткен істеп тұрған құс фабрикасы
2.	Жыл бойы құстарды технологиялық жағдайда күтіп-бағу, торда немесе еденде күтіп-бағу үшін технологиялық жабдықтың болуы
3.	Аталған сертификаттардың (ИСО, «Экологиялық өнім» белгісі, ХАССП азық-түлік қауіпсіздік жүйесі) бірінің болуы
4.	Құс сою желісінің болуы
5.	Өндірістің жылдық көлемі 15 000 тоннадан кем емес
6.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру

15. Құс етін өндіретін тауар өндірушілерге (2-деңгей)

1.	Жыл бойы құстарды технологиялық жағдайда күтіп-бағу, торда немесе еденде күтіп-бағу үшін технологиялық жабдықтың болуы
2.	Аталған сертификаттардың (ИСО, «Экологиялық өнім» белгісі, ХАССП азық-түлік қауіпсіздік жүйесі) бірінің болуы
3.	Құс сою желісінің болуы
4.	Өндірістің жылдық көлемі 8 000 тоннадан кем емес
5.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру

16. Құс етін өндіретін тауар өндірушілерге (3-деңгей)

1.	Жыл бойы құстарды технологиялық жағдайда күтіп-бағу, торда немесе еденде күтіп-бағу үшін технологиялық жабдықтың болуы
2.	Аталған сертификаттардың (ИСО, «Экологиялық өнім» белгісі, ХАССП азық-түлік қауіпсіздік жүйесі) бірінің болуы
3.	Құс сою желісінің болуы
4.	Өндірістің жылдық көлемі 1 500 тоннадан кем емес
5.	Ветеринариялық салауаттылық

17. Күрке тауық етін өндіретін тауар өндірушілерге

1.	2007 жылдан бастап пайдалануға берілген жаңа құс фабрикасы және/немесе негізгі жабдықтары бойынша жаңартудан өткен істеп тұрған құс фабрикасы
2.	Жыл бойы құстарды технологиялық жағдайда күтіп-бағу, торда немесе еденде күтіп-бағу үшін технологиялық жабдықтың болуы
3.	Аталған сертификаттардың (ИСО, «Экологиялық өнім» белгісі, ХАССП азық-түлік қауіпсіздік жүйесі) бірінің болуы
4.	Құс сою желісінің болуы (сою цехы)
5.	Өндірістің жылдық көлемі 3 000 тоннадан кем емес

18. Тауарлық жұмыртқа

өндіретін тауар өндірушілерге (1-деңгей)	
1.	2007 жылдан бастап пайдалануға берілген құс фабрикасы немесе негізгі жабдық бойынша жаңартудан өткен істеп тұрған құс фабрикасы
2.	Жыл бойы құстарды технологиялық жағдайда күтіп-бағу, торда немесе еденде күтіп-бағу үшін технологиялық жабдықтың болуы
3.	Жұмыртқаны сұрыптауға, белгілеуге және салуға арналған автоматты машинаның болуы тиіс
4.	Аталған сертификаттардың (ИСО, «Экологиялық өнім» белгісі, ХАССП азық-түлік қауіпсіздік жүйесі) бірінің болуы
5.	Тауарлық жұмыртқа өндірісінің көлемі 100 млн. данадан кем емес****
6.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру
19. Тауарлық жұмыртқа өндіретін тауар өндірушілерге (2-деңгей)	
1.	Жыл бойы құстарды технологиялық жағдайда күтіп-бағу, торда немесе еденде күтіп-бағу үшін технологиялық жабдықтың болмауы
2.	Аталған сертификаттардың (ИСО, «Экологиялық өнім» белгісі, ХАССП азық-түлік қауіпсіздік жүйесі) бірінің болуы
3.	Тауарлық жұмыртқа өндірісінің көлемі 40 млн. данадан кем емес****
4.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру
20. Тауарлық жұмыртқа өндіретін тауар өндірушілерге (3-деңгей)	
1.	Жыл бойы құстарды технологиялық жағдайда күтіп-бағу, торда немесе еденде күтіп-бағу үшін технологиялық жабдықтың болуы
2.	Аталған сертификаттардың (ИСО, «Экологиялық өнім» белгісі, ХАССП азық-түлік қауіпсіздік жүйесі) бірінің болуы
3.	Тауарлық жұмыртқа өндірісінің көлемі 20 млн. данадан кем емес****
4.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру
21. Шырынды және кесек азықты субсидиялау үшін мал шаруашылығымен айналысатын тауар өндірушілерге	
1.	01.01.12 ж. жағдай бойынша 30 бастан кем емес аналық мал басының болуы
2.	Мал азығы дақылының және (немесе) шабындық (шабылатын) дақылдың және (немесе) мал азығын сатып алуға келісім-шарттың болуы
3.	Ветеринариялық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру

4.	Зоотехникалық оқиғаларды енгізе отырып, селекциялық және асылдандыру жұмыстарының бірыңғай ақпараттық базасында ірі қара малдың тіркеуде болуы
5.	Малдың бірдейлендіру нөмірінің және Қазақстан Республикасының бірыңғай бірдейлендіру деректер базасында тіркеуінің болуы

Е с к е р т п е :

* Малдың (союға өткізілетін) тірідей салмағы тауар өндіруші қызметтерін пайдаланған (малды сою жөніндегі), есептік алу нөмірі (коды) бар мал шаруашылығы өнімдері сатылған қайта өңдеу кәсіпорны немесе есептік нөмірі бар сою цехы берген анықтамамен расталуға тиіс.

** Сүт өндірісімен айналысатын тауар өндірушілер селекциялық және асылдандыру жұмыстарының бірыңғай ақпараттық базасына тіркелуге тиіс.

*** Жүннің сапасы жүн сапасын бағалау жөніндегі зертхана берген анықтамамен расталады.

**** Құс фабрикалары үшін тауарлық жұмыртқа сатудың жоспарланған көлеміне квотаны жеткізген кезде республика бойынша орташа жылдық жұмыртқалауды негіз ретінде алу керек (1 жұмыртқалағыш тауыққа 280 данадан артық емес).

***** Талап 2011 жылы пайдалануға енгізілген тиісті инфрақұрылымы бар қазіргі заманғы сүт кешендеріне қолданылмайды.

Облыстық бюджеттердің мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға 2012 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларына 2-қосымша

1. Бюджеттік субсидиялар нормативтері

Р/с №	Өнімнің түрі	Меншікті өндірісінің өткізілген өнімінің 1 килограммына, 1 данасына берілетін бюджеттік субсидиялар нормативі, теңге
1.	Сиыр еті - I деңгей	220
2.	Сиыр еті - II деңгей	170
3.	Сиыр еті - III деңгей	120
4.	Сүт - I деңгей	25
5.	Сүт - II деңгей	15
6.	Сүт - III деңгей	10
7.	Шошқа еті - I деңгей	98
8.	Шошқа еті - II деңгей	60
9.	Қой еті	50
10.	Жылқы еті	92

11.	Қымыз	60
12.	Шұбат	55
13.	Жүн	105
14.	Құс еті - I деңгей	70
15.	Құс еті - II деңгей	66
16.	Құс еті - III деңгей	50
17.	Күрке тауық еті	105
18.	Жұмыртқа - I деңгей	3,0
19.	Жұмыртқа - II деңгей	2,6
20.	Жұмыртқа - III деңгей	2

2. Шырынды және кесек азықтың құнын арзандатуға арналған бюджеттік субсидиялар нормативі

Р/с №	Өнімнің түрі	Сыырдың 1 басына бюджеттік субсидиялар нормативі, теңге
21.	Ірі қара мал	4500

Облыстық бюджеттердің мал шаруашылығы өнімдерінің өнімділігін және сапасын арттыруды субсидиялауға 2012 жылғы республикалық бюджеттен берілетін ағымдағы нысаналы трансферттерді пайдалану қағидаларына 3-қосымша «Бекітемін»

_____ облысы
 Ауыл шаруашылығы басқармасының
 бастығы _____ (Т.А.Ә., қолы, мөрі)
 2012 жылғы «___» _____

_____ облысы бойынша 2012 жылғы _____
 _____ өндіруге және сатуға субсидиялар төлеуге арналған
 субсидияланатын мал шаруашылығы өнімі – (керегін қалдыру)
 біріктірілген жиынтық ведомосі

Атауы	Өнімді сатудың жылдық квотасы, тонна, мың дана	1 кг, дана өнімді арзандату нормативі	Бюджеттік субсидиялардың жалпы қажеттілігі, теңге	Іс жүзінде сатылған өнім, тонна, мың дана

тауар өндірушінің	өнімдердің				жыл басынан бастап	есепті айда

кестенің жалғасы

Өнімді өндіру және сату үшін іс жүзінде пайдаланылған құрама азықтар (құнарлы азықтар), тонна		Жыл басынан бастап бюджеттік субсидиялардың тиесілі сомасы, теңге	Жыл басынан бастап төленгені, теңге	Бюджеттік субсидиялардың тиесілі сомасының қалдығы, теңге	Төленуге жататыны теңге
жыл басынан бастап	есепті айда				

Мал шаруашылығы бөлімінің бастығы (жауапты тұлға) _____ (Т.А.Ә., қолы)
 Бухгалтер (жауапты тұлға) _____ (Т.А.Ә., қолы)